

“Ұстаздық еңбегі-ұрпаққа өнеге”

№113 Қаракөл орта мектебінде 27.09.2024ж. “Ұстаздық еңбегі-ұрпаққа өнеге” тақырыбында 40жыл еңбек еткен мектеп директорының бейінді-бағдарлы орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі Ержанова Жамал Пақтайқызын еңбек демалысына шығарып салу мерекесі болып өтті! Мектеп мұғалімдерінің ұйымдастыруымен салтанатты кеш жоғары деңгейде өткізілді. Аталған шараға ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауылдық әкімшілік қызметкерлері, шәкірттері және тағыда басқа қонақтар қатысып өз лебіздерін білдірді!

#ЕңбекАдамы

#ҚармақшыБілім

#113ҚаракөлОртаМектебі



“Ұстаздық еңбегі-ұрпаққа өнеге”

№113 Қаракөл орта мектебінде 27.09.2024ж. “Ұстаздық еңбегі-ұрпаққа өнеге” тақырыбында 40жыл еңбек еткен мектеп директорының бейінді-бағдарлы орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі Ержанова Жамал Пактайқызын еңбек демалысына шығарып салу мерекесі болып өтті! Мектеп мұғалімдерінің ұйымдастыруымен салтанатты кеш жоғары деңгейде өткізілді. Аталған шараға ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауылдық әкімшілік қызметкерлері, шәкірттері және тағыда басқа қонақтар қатысып өз лебіздерін білдірді!

#ЕңбекАдамы

#ҚармақшыБілім

#113ҚаракөлОртаМектебі



Бекітемін: _____
Мектеп директоры
Ж.Ш.Демеубаева

«ҰСТАЗЫМ, ҰЛАҒАТЫМ, ҮЛГІ-ӨНЕГЕМ»

(мерекелік концерттік бағдарлама сценарийі)

2024-2025 оқу жылы

«ҰСТАЗЫМ, ҰЛАҒАТЫМ, ҮЛГІ-ӨНЕГЕМ»

Іс-шараның мақсаты:

Оқушыларды ұстаздарды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырын түсіндіру, мұғалім еңбегін бағалай білуге үйрету, ұстаздардың кәсіби мерекесін ұлықтау.

Іс-шараның өткізілетін орны: Ауылдық клуб үйі

Күні: 01.10.2024ж

Уақыты: 15:30

Іс-шараға қатысушы қонақтар:

Ардагер ұстаздар, мектеп әкімшілігі, мұғалімдер

Фанфар:

(Мерекелік іс-шара -6-сынып оқушыларының «Шабыт» биімен ашылады)

1-жүргізуші:

Құрметті ардагерлержәне ардақты да аяулы ұстаздар!
Сіздерді 1 қазан – Халықаралық қарттар күні мерекесімен құттықтаймын!
Қазақ «Қариясы бар ел – қазынасы бар ел» дейді. Қарияларымызды құрметтеп, ардақтау – біз үшін парыз.

«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» ете білген, бізге тағылымды жол көрсеткен аға ұрпақтың берген тәрбиесі мен тәлімі мол.
Ақыл-кеңестің, үлгі-өнегенің сарқылмас кенішіндей болған қарттарымыз сіздер, аман-есен жүргейсіздер! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, құт-береке тілеймін!

Ұстаздар күніне арналған «Ұстазым, ұлағатым, үлгі-өнегем!» тақырыбымен өткізіліп отырған мерекелік іс-шарамызға қош келіпсіздер! Төл мерекелеріңіз құтты болсын!

Бүгінгі мерекелік кешімізге ардагер ұстаздарымыз келіп отыр. Саналы ғұмырының сәулелі сәттерін ұрпақ тәрбиесіне арнаған аға буын өкілдерін мектебіміздің төрінен көргенімізге шексіз қуаныштымыз! Қадірменді ардагер ұстаздар, құтхана мешітіміз мектебімізге қош келіпсіздер!

2-жүргізуші:

Ұстаз ... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, оның бірі – Ұстаз.

1-жүргізуші:

«Ұстаз» деген сөз қазақ баласы үшін қашан да қасиетті, қадірлі болған. Ұстаздан тәрбие болған немесе ұстаздың алдын көрген деген сөздер ана тәрбиесін алған деген сөздермен ұштасып жатады.

ӘН:

2-жүргізуші:

Алтынсарин бастаған ұлы көшті жалғастырып, мектебіміздің абыройын асқақтатып, жас жеткіншектердің білім көкжиегінде қанат қағуына сүбелі үлес қосып жүрген көшбасшымыз Жайлаубаева Демеубаева Жанат Шакизадақызының мерекелік құттықтау сөзін тыңдау үшін ерекше ілтипатпен сахна төріне шақырамыз!

(**Жанат Шакизадақызының құттықтау сөзі**)
Марапаттау рәсіміне кезек берейік!

1-жүргізуші:

Ұстаздар жақсылықтың жол ашары,
Қолыңда шәкіртіңнің болашағы.
Өмірді алға қарай өрлететін,
Сіздерде Ұлы Отанның болашағы.

ӘН:

Бүгінгі мерекелік кешіміздің қонақтары ардагер ұстаздарымызды ерекше ілтипатпен ортаға шақырамыз! Қошеметтеп, қол шапалақтап отырайық!

- 1.
- 2.
- 3.

БИ:

2-жүргізуші:

Ұрпақ тәрбиесі - ұстазға байланысты. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей өнегелі ұстаздан өнегелі шәкірт шығатыны сөзсіз.

1-жүргізуші:

Ұстаз - ұлағатты есім! Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жаксы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт – бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор.

Ұстаздарға анау: Ортада жасұлан ұйымының мүшелері

2-жүргізуші:

Ұстаз! Осы бір сөздің өзінде қанша мән - мағына, қасиетті ұғым жатыр. Ұстаз алдынан өтпейтін ешкім жоқ. Жүрексіз өмір болмаса, мұғалімсіз білімнің, тәрбиенің іске аспайтыны белгілі. Небір данышпан адамдар, қарапайым еңбеккерлер, тіпті арман қуған жеткіншектер де бәрі бір адамға қарыздар.

1-жүргізуші:

Иә, ол ұстаз! Ұстазсыз өмірдің нақты тұтқасын ұстау мүмкін емес. Адамды тәрбиелеп, оны азамат атандырудың өзі бір үлкен күш, сондықтан да ұстаздың еңбегі- ұлы еңбек.

Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып тер төккен шопан да бәрі-бәрі ұстаздан тәлім алған, сондықтан барлық құрмет ұстаздарға арналады.

ӘН:

2-жүргізуші:

Ұстаз деген - жарық күні ғаламның,
Ұстаз деген - анасы ол адамның .
Бүкіл әлем мойындайды еңбегін,
Сен де одан адам болып жаралдың.

1-жүргізуші:

Ұстаз жолы қиынырақ басқадан,
Сырлары мол әлі сыртқа шашпаған
Шаршаса да осы жолдың бойында

Қандай жақсы шын бақытын тапса адам.

Көрініс (10 сынып оқушыларының көрінісі)

2-жүргізуші:

Мектеп үйім, ұстаздарым ата – анам,
Сеннен өсіп, сенен ғана нәр алам.
Саяң ыстық, сен мәуелі бәйтерек
Тамырлары сан тарапқа тараған.

1-жүргізуші:

Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,
Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып,
Ұстаз деген – ұлылардың ұлысы,
Қасиетіне бас иейік мәңгілік.

Марапаттау рәсіміне кезек берейік!

ӘН: Мерекелеріңізбен 6-сынып оқушысы Аманов Қуаныш

2-жүргізуші:

Ұстаз жолы қиынырақ басқадан,
Сырлары мол әлі сыртқа шашпаған.
Шаршаса да осы жолдың бойында,
Қандай жақсы шын бақытын тапса адам-дей отырып, бүгінгі мерекелік іс-шарамызды жабық деген жариялауға рұқсат етіңіздер! Күніміз нұрлы, аспанымыз әрдайым ашық болсын!

1-жүргізуші:

Қадірменді ұстаздар, барлығыңызды сахнаға естелік фотоға түсуге шақырамыз!

"НАШАҚОРЛЫҚ- АУЫР ІНДЕТ"

№113 Қаракөл орта мектебінде "Нашақорлыққа қарсы бір айлық акциясы" аясында мектебіміздің 10- сынып оқушыларымен "Нашақорлық- ауыр індет" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: оқушыларға әлемді алаңдатып отырған нашақорлық сияқты зиянды әрекеттердің белең алып бара жатқандығын ескерте отырып, оны болдырмаудың алдын-алуға тәрбиелеу. Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру. Дөңгелек үстел барысында оқушылар арнайы бейнероликті көріп, жалпы ақпараттар беріп өтті. "Нашақорлық дегеніміз не?" сауалына жауап беріп, "Есірткі тарихы", "Есірткінің түрлері" және " Есірткінің алдын алу шаралары" тақырыптарында арнайы жобалар қорғады.

#біртұтас_тәрбие

#есірткісізболашақ

#нашақорлыққажолжол

#есірткісізайма



№113 Қаракөл орта мектебі

«Бекітемін» _____

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасар: Н.Таңбай

«Нашақорлық –ауыр індет»

(Дөңгелек үстел)

Сынып жетекшісі: Н.Амангелиева

Сынып:10

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Нашақорлық – ауыр індет»

Мақсаты: Оқушыларға темекі, арақ, есірткі, СПИД-тің қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана-сезімдерін дамыта түсу.
Көрнекілігі: Тақырып, өлеңдер, суреттер т.б.

Мұғалім сөзі:

Армысыздар құрметті қонақтар, ұстаздар және оқушылар ! Бүгін сіздерге біздің 10-сынып оқушыларымен өткізгелі отырған «Нашақорлық – ауыр індет» атты ашық тәрбие сағатымызды ұсынып отырмыз.

Елбасымыздың «Қазақстан -2050» жолдауында көрсетілген өзекті мәселелердің бірі салауатты өмір сүру, оны насихаттау мәселесі.

Салауатты өмір салты дегеніміз не? Ол әлеуметтік тұрмыстарды жақсарту, бос уақытты тиімді пайдалану, зиянды әрекеттерден аулақ болу деген сөз. **Ж**

Жетекшісі: Қазіргі кезде етек алған заманымыздың келесі дерттері шылым шегу, нашақорлық. Тәрбие сағатымыздың мақсаты - жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу және салауатты өмір салтын насихаттау.

Бүгінгі сабағымыз онлайн түрінде өткізгелі отырмыз.

Сабақ 2 бөлімнен тұрады.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді данышпан халқымыз.

«Өмірімізді ұзарту да қысқарту да өз қолымызда»

Өмірге адам бір ақ рет келеді,

Жастық шағың өміріңнің кемелі.

Күте білсең саулығыңды өрелі,

Табиғаттың бергеннен көп берері.

Ендеше Қармақшы ауылдық округының фельшері Шахмардан мырзаға сөз берейік оқушыларымызға темекі, арақ, есірткі, СПИД-тің қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарының өз түсінігін айтып өтеді. Келесі мектебіміздің мейірбикесі: Оспанова Күлбарам апайға сөз берейік сосын темекі туралы түсіндіріп өтетін болады, өз ойларыңызды, сіздерді толғандырып жүрген мәселелерді толық шешуге, қиналған сұрақтарыңызға жауап алуға болады.

I бөлім: Темекі

Алдымен «ғасыр дерті» деген не, соған тоқталып өтейік. Оқушылардан қандай жауап болар екен.

Ғасыр дерті дегеніміз қазіргі таңда бүкіл әлемге кеңінен қанат жайып, ушығып тұрған арақ, темекі, есірткі, СПИД мәселелері. Ендеше алдыңғы кезекте темекінің зиянына тоқталайық.

Өмірің болсын десең сенің сәнді
Ойланып, айналаңа қара мәнді.
Адам бол! Білімі тасқын, өнері асқан
Өзіне сүйсіндірер басқа жанды.
Салауатты мақсатың - өмір сүру,
Өмірдің мағынасын керек білу.
Ішімдік, нашақорлық сенің жауың,
Пайдасы сол – бұл жолдан аулақ жүру

Халықта мынадай дана сөз бар:

«Ақша жоғалтқаның – ештеңе жоғалтпағаның,
Уақыт жоғалтқаның – көп нәрсе жоғалтқаның,
Денсаулық жоғалтқаның – бәрін жоғалтқаның».

«Дені сау бала әр отбасының, қуанышы, бақыты. Ал денсаулығы мықты бала халықтың болашағы, Отанының сенімді тірегі»

2 –бөлім .

Мұғалім: Оқушылар есірткінің басы темекіден басталғанын көріп отырмыз. Сондықтан, темекі – есірткіге апаратын бірден-бір жол. Есірткі деген не деген сұраққа өзінің баяндамасын даярлап келген екен

Мен - есірткіге қарсымын!

Гаухар:

Есірткі деген сөздің өзі бір зұлымдық сияқты құлаққа жағымсыз естіледі. Есірткі - адамның санасын жаулап қана қоймай, әрдайым өзіне еліктіретін бір қасиеті бар химиялық зат. Есірткі түрлері: герин, какаин, анаша, канапля және тағы басқалары. Көбінесе есірткіні Ауғанстан мен Батыс мемлекеттерінде өндіреді. Оны қолдану тәсілдері көп. Оны ине шаншу немесе дәрі сияқты капсулаларда қолданады. Есірткінің дәрі немесе қант пудрасы сияқты болып келуі оның бір елден екінші елге тасымалдануына мүмкіндік береді, себебі оларды дәрі немесе витаминдер сияқты шекарадан тасымалдау оңайға түседі.

Қазіргі кезде мектеп оқушылары мен студенттер арасында есірткінің дәмін сезіп, сол зұлымдыққа мойынсұнып кеткен жастар барын жоққа шығара алмаймыз. Нашақорлыққа беріліп, сол "батпақтан" шығудың жолын ойлап, арнайы емдеу орындарында емделетін адамдар арқылы біз мәдени іс-шаралардың жемісін көре аламыз. Тайған жолдарынан қайта жақсы өмірге оралудың өзі үлкен күш-жігерді талап етеді. Жастар, нашақорлыққа берілмей, қызыққа толы өмірдің парасатты азаматы болуға ұмтылайық!

Мұғалім: Нашақорлық туралы өлең шумақтар:

1-оқушы
Нашақорлық бұзады сау адамның тірлігін
Ей адамдар, аулақ болғын жаманнан,
Ұрынсаң егер құр қаларсың бұл жалғаннан,
Жамандыққа бет бұрмай, таза жүрсең,
Жақсылар да табылады тек жаныңнан.

2-оқушы

Бұл әлемде лас істің көп қой түрі,
Барлығы да адамды күйдіріп тірі.
Соның бірі нашақорлық жанды жеген,
Жақсы мейлі жаманды да қылған жыңды.
Нашақорлық бұзады сау адамның тірлігін,
Қаларсың жалғыз әлемде, қызығын көрмей өмірдің,
Өзің көрген азапты өзгелерге көрсетпе,
Ата-ананды ойлағын, олардың бұзба өмірін.
Арын сатқан аңқауларға ермегін,
Бетке ұста еліңнің ұлы ерлерін.
Солардай сен бола алсаң айбынды
Ата-анаң мен мақтанышы еліңнің.
Бірақ рет қана тәуекелдің зардабы,
Өміріңнің мәңгі өшпес сортаңы.
Одан кейін еш ойлантпас, қиналтып,
Сол нәрсенің бойынды арбап алғаны.
Ол әкетер сені де үйір қылып,
Құтылып көрші сен одан болсаң жүйрік.
Жан-дүниен өртеніп кететіндей,
Бір сәт оны қабылдамай тартсаң күйік.
Түсінбеймін, осыларды біле тұра,
Адамдар неге үйір бұл құрғырға.
Бұларсыз-ақ өмір сүріп болмас па еді,
Өміріңді бүлдірмегін, жүргін таза!

Мұғалім:

Адам!

Бөлісіп уайымды –

Болашаққа болындар дәйім-үлгі!

Бір-біріңе болындар мейірімді,

Бір-біріңе болындар қайырымды,

Дерт шалмасын,

Ешқашан өрт шалмасын,

Алып емен, ақ балтыр қайыңымды.

Бір-біріңе болындар қайырымды, –

дей отырып, бүгінгі «Нашақорлық – ауыр індет» атты дөңгелек үстелімізді аяқтаймыз. Алтын уақыттарыңызды бөліп, келіп қатысқандарыңыз үшін көптен көп рахмет.

"АЛТЫН КҮЗ - 2024"

Мектебімізде "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында "Алтын күз-2024" тақырыбында күзгі бал мерекесі 5-7,8-10 сынып оқушылары арасында өтті. Сайыс шарттары: 1. Кел танысайық (таныстыру) 2. Өнерлі өрендер (ән, би, күй) 3. Пародия (әншіге, киноға, жарнамаға) 4. Күз сыйы (қолөнер) 5. Сән үлгісі (күз ханшайымы мен ханзадасы) Атаулы іс-шара барысында оқушылар өздерін жан-жақты таныстырып, керемет өнерлерін паш етті. Қорытынды нәтиже бойынша оқушылар жүлделі орындар бойынша марапатталды.

#БІРТҰТАСТӘРБИЕ

#Алтынкүз

#Жас ұлан



"Экологиялық таза өмір сүремін" эчочеллендж

№113 Қаракөл орта мектебінде "Жасыл клуб" жобасының 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес "Экологиялық таза өмір сүремін" эчочелленджіне "Жасыл клуб" және "Жас қыран" ұйымының мүшелері "Жасыл клуб" бұрышына күтім жасап, өз қамқорлықтарын көрсетті. Максаты - табиғатқа деген қатынасты қамтамасыз ету, табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу. Экологиялық таза ортада өмір сүру денсаулыққа пайдалы екенін ұғындыру.

#Біртұтас_тәрбие

#Жасылклуб

#Жас_қыран



I деңгей (жеңіл)

Компьютер – біздің сенімді көмекшіміз. Ол арқылы біз сурет саламыз, хат жазамыз, ойын ойнаймыз. Пернетақта мен тінтуір бізге көмектеседі.

Ұсынылған уақыт: 1 минут

II деңгей (орташа)

Ақпарат – бұл мәлімет. Компьютер ақпаратты қабылдайды, өңдейді және сақтайды. Егер дұрыс пайдалансаң, компьютер сенің досыңа айналады.

Ұсынылған уақыт: 1,5 минут

III деңгей (күрделі)

Қазіргі заманда ақпараттық технологиялар өте маңызды. Компьютерді пайдалану арқылы адамдар қашықтан білім алады, хат жазады және ойын ойнайды. Компьютерді дұрыс қолдану – біздің мәдениетіміздің белгісі.

Әлеуметтік желінің пайдасы және зияны

№113 Қаракөл орта мектебінің 04.09.2024ж дебат фракциясының жетекшісі Үсембаева Еркінай мен мектеп тәлімгері Н.Амангелдиеваның ұйымдастыру мен 9-11 сынып арасында «Әлеуметтік желінің пайдасы және зияны» атты пікір сайыс өтті.

#Біртұтас_тәрбие

#113ҚаракөлОртаМектебі



Ана тілі аруы

№113 Қаракөл орта мектебінде “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы бойынша “Сыр лигасы” облыстық сайысының жоспарына сәйкес “Ана тілі аруының” мектепшілік кезеңіне 8-10 сынып оқушылары белсене қатысты. Сайыс қортындысы бойынша 8-сынып оқушысы Ж.Мирамбекқызы аудандық кезеңіне жолдама алып, Аудандық байқауда “Алғыс хатпен” марапатталды. Жарайсың Жанель! алдағы уақытта биік белестерді бағындыр!

#Біртұтас_тәрбие

#Сыр_лигасы

#Ана_тілі_аруы

#113ҚаракөлОртаМектебі



МЕКТЕБІМ-МЕЙІРІМ МЕКЕНІМ

Бүгін мектебімізде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында 2024-2025 оқу жылының «Мектебім-мейірім мекені!» атты алғашқы салтанатты жиыны өткізілді. Салтанатты жиында мектеп директоры Демеубаева Жанат Шакизадақызы алғашқы құттықтау сөз алып, 1 сыныпқа қадам басқан кішкентай бүлдіршіндерге сәттілік тілеп, 11 сынып оқушыларына алдағы ҰБТ-ден жоғары нәтиже көрсетеді деп сенім білдірді. Салтанатты жиын 1-сынып оқушыларының әсем ән-биімен, мектепке, ұстаздарына арналған өлең жолдарымен жалғасын тапты.

#Біртұтас_тәрбие

#bilim_quini

#113ҚаракөлОртаМектебі



БІЗДІҢ МЕКТЕП БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ!

Қоғам назарын балалардың қауіпсіздік мәселеріне деген саналы көзқарасына аудару, Оқушылардың, педагогтердің буллингке қарсы санасы мен ойлауын қалыптастыру; Зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қарсы тұруға белсенді қатысуга жәрдемдесу мақсатында "Біздің мектеп буллингке қарсы! - деген ұранмен 5-6 сынып оқушылары флешмоб өткізді.

#біртұтас_тәрбие

#біздің_мектеп_буллингке_қарсы

#113ҚаракөлОртаМектебі



«Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті»

№113 Қаракөл орта мектебінде сыбайлас жемқорлық қоғам дерті тақырыбында пікір сайыс ұйымдастырылды. Сайыс 7-10 сынып аралығында өтті. Сайысқа " Ұшқын" және " Болашақ " фракциялары қатысып , " Болашақ" фракциясы жеңіске жетті.

#ҚармақшыБілім

#113ҚаракөлОртаМектебі

#ядебатер

#менпікірсайысшымын



ҰСТАЗ-МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ

Ғалым да, кенші де бас иетін, Ұстазым, бар сенің қасиетін. Білім берген, ой берген, ақыл берген, Көз алдымнан кетпейді асыл бейнен. Ұстаздар күні – бұл білімнің бастауы саналатын ұстаздарға құрмет көрсетіп, олардың еңбегін ерекше атап өтетін күн. Осыған орай "Ұстазым, ұлағатым, үлгі-өнегем" тақырыбында ұстаздарға құрмет көрсетіп, мерекелік кеш сыйлады. Шара барысында ән айтылып, сыңғырлап би биленіп, жайдарман ойыны мен ұстаздарға арналып қызықты ойындар ойнатылды. Мектеп директоры Демеубаева Жанат Шакизадақызы барлық ұстаздардың атынан кереметтей көңіл-күй сыйлаған ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

#Біртұтас_тәрбие

#Ұстаздаркүні

#bilimkzo

#113ҚаракөлОртаМектебі



«Даналық ұстаздан» челленджі

”Даналық ұстаздан” челленджі 113 Қаракөл орта мектебінің 4-қазан Ұстаздар мерекесіне орай “ Ұстазым, ұлағатым,үлгі-өнегем” тақырыбындағы апталықтың жоспарына сәйкес “Даналық ұстаздан” құттықтау челленджін 4-сыныбы бастайды және осы челленджді 3-сыныбына жолдайды. Ұйымдастырушы: мектеп тәлімгері Н.Амангелдиева

#113Қаракөл_орта_мектебі

#ЖасҰлан

#Ұстаздаркүні

#Даналықұстазданчелленджі



«Есірткінің адамзатқа кесірі»

№113 Қаракөл орта мектебінде "Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция" жоспарына сәйкес «Есірткінің адамзатқа кесірі» атты 5-8 сынып оқушыларының арасында сурет байқауы өтті. Байқауға оқушылар белсене араласты.

#біртұтас_тәрбие

#есірткісізболашақ

#нашақорлыққажолжоқ

#есірткісізаймақ

